ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

26 қыркүйек 2023 жыл № 1112-23-00-2/2429 іс Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.С.Бегенбаева қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Бұланды ауданы Амангелді ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Орал құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 147 бабын басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Талап қоюшы «Бұланды ауданы Амангелді ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Орал құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыз айыбын өндіріп алу туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

«Орал құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Орал құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттік пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге сот шығыны өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.С.Бегенбаева

Көшірме дұрыс,
Төраға А.А. Аймухамедов

Анықтама: Сот шешімі 2023 жылдың 6 қараша күні заңды күшіне енген.
Төраға А.А. Аймухамедов

ДОКУМЕНТ ПОДПИСАН ЭЛЕКТРОННОЙ ЦИФРОВОЙ ПОДПИСЬЮ